

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 6 мамырдағы № 384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің білім беру ұйымдарында мамандар даярлауды қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға 2010/2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 6 мамырдағы № 384 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж.; № 32, 256-құжат) :

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары білімі бар мамандар даярлауға 2010/2011 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысында:

«5B050000» және «5B070000» деген жолдардың 9 және 10-бағандарындағы 158,1 және 316,3 деген сандар тиісінше 211,9 және 423,9 деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов